

2021-2022 оқу жылында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға мәлімет

Тәрбие жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрлігінің №277 бұйрығына сәйкес « Үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасы» негізіне сүйене отырып сегіз бағыт бойынша жұмыс атқарады. Тәрбие жұмысы оқушыларды адамшылық пен имандылыққа, отансүйгіштікке, азаматтыққа, рухани өнегелікке баулу арқылы дұрыс өмір сүре білуді түсінген және жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды көздей отырып жүргізіліп келеді. Тәрбие беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектепте мынадай заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Балал Құқы туралы» Заңы;

Елбасы Н Назарбаевтың 22 сәуір «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жүзеге асырылады.

2019-2020 оқу жылында республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісіне сәйкес жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді.

28.08.2021 күні «Менің мектепке дайындығым» атты байқау күні онлайн форматта 1-11 сынып арасында өткізілді.

2021-2022 оқу жылының 01.09. күні «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны 1 сынып оқушыларына «Әліппе» және 2-11 сынып оқушыларына ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Іс-шараға Қ. Әбдәлиев ауыл округі ардагерлер кеңесі төрағасы Қалдан Сүлеймен, ардагер ұстаз Жиенбай Е. ағайлар қатысып әліппені оқушыларға таратты.

5-қыркүйек – ҚР Тілдер күні «Мемлекеттік тіл – Ұлт бірлігінің басты факторы», «Тіл – тірегім, соғып тұрған жүрегім», «Ахан түрлеген ана тілі» тақырыбында дәстүрлі іс-шаралар қазақ тілінде және орыс тілдерінде онлайн фарматта өткізілді

13 қыркүйек күні отбасы күніне орай «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында 5-10 сыныптар арасында видеороликтер ұйымдастырылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша мобилдік топ құрылды. Мектепішілік мобилдік топ құрамы :

1.Топ басшысы-Е.Е.Оспанов мектеп директоры

Мүшелері:

1. Нарбаева Қ. – ДТІЖО
2. Байшанова Ш. -ДТІЖО
3. Мырзахметова Г. педагог-психолог
4. Арипжанова Ж. - әлеуметтік-педагог
5. Таукеев М.– АӘД жетекшісі
6. Байболова Қ. - ата-аналар комитетінің төрайымы
7. 11 сынып жетекшісі – Орынбаева Ж.

2021-2022 оқу жылында облыстағы кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылық профилактикасы мен олардың қадағалаусыз және панасыз қалуы мен тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алудың іс-шаралар жоспарын мектепте жүзеге асыру туралы бойынша қыздар жиналысы мен ұлдар жиналысы өткізілді.

Ұстаздар күніне орай 8ә сыныбы «Ұлағатты ұстаздар» атты онлайн тәрбие сағатын өткізді. Сабақта оқушылар өлең-жырлар айтып, ән-билер билеп өз өнерлерің көрсетті. Қарттар күніне орай 2-10сынып оқушылармен зейнеттегі мұғалімдердің үйлеріне барып құрмет көрсетілді, сыйлықтар берілді. Оқушылар қаттармен әңгімелесу барысында өздеріне қызықты сұрақтарға жауаптар алды. «Жастығым- қарттығымды тербетеді» атты тақырыпта зейнеткер ұстаздар өмір жолдарымен бөлісті.

«22 қазан - Қ.Әбдалиевті еске алу» күніне орай «Ұрпаққа ұран –ұлы ерлік» тақырыбында мектепшілік тәрбие сағаты, музейге саяхат, көрмелер мен бүктемелер, слайдтар мен бейне баяндар көрсетілді.

2021-2022 оқу жылдарында мектеп есебінде тұратын 2 оқушы Мақташ Ж., Оразалы Ж. оқу жылы барысында ұжымның жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды.

II - тоқсан

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы білім беретін мектебі.

№2. 06.01.2022ж

2021-2022 оқу жылында ата-аналармен, оқушылармен, мектеп мұғалімдермен күшейтімен тәртіпте тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оқушылар «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлт болашағы», «100 жаңа есім», «Оқуға құштар мектеп» т.б аясында жоспарланып жүргізілді. «Тәуелсіздіктің 30жыл» аясында дәстүрлі «Алтын күз-2022» кеші Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен берекелі күз ұйымдастырылған кеш өткізілді. Осы үлкен байқауда сезгеніміз оқушылар өте мәдениеттілігін, эстетика мен, этиканың талаптарды саралай білеттілік, киім кию мәдениеті қолөнер бұйымдарын жасау шеберлігін байқа әділқазылар алқасын таңқалдырды.

1.Эмблема,газет,көрме

2.Көкөністерге байланысты киімі

3.Өз өнерін көрсету.

4.Күз байлығы дастархан жаю.

5.Би билеу, ән айту.

6.Ұлттық негізде киім үлгісі

7.Қаз.мемлекет байланысты сұрақ-жауап.

Әр сыныпқа бір-бір жауапты бекітілді. Әсірел, оқушылар биі ерекше 10А сыныбы өнерін арнайы түтін будың татып билеуімен таң қалдырды. 9-10сынып оқушылары сахнаға төселген білімдігін танытып білді. Байқау жоғарғы деңгейде өтті. 8«Б» сынып Мобильді топ. Құрамы 9 адамнан тұрады. Мақсаты: құқық бұзушылықтың алдын алу. Мектепте жағдайды хабарлау. Әр оқушымен жеке жұмыс жүргізу.

-Мектепшілік есепте тұратын оқушылар:

3 оқушы	Жетекші мұғалім
1.Мақташ Ж	Қуанышбек Б
2.Оразалы Ж	Бектемисов Е
3.Өмірбек Б	Амангелді С

Оқушыларға жетекші бекітілген. Арнайы қадағалауда, психологтын, социологтын бақылауында.

-Кезекшілік. Кешкі кезекшілік ер мұғалімдер тарапынан орындалуда. Күнделікті 2

адамнан әйел мұғалімдерді қойғанбыз. Мереке күндері, сенбі, жексенбі күндері ер мұғалімдер кезекшілік етеді. Мектепшілік кезекшілік мұғалімдер жауапкершілігінде. Барлығы қабырғада ілулі тұр. Тоқсан басында

2 мұғалімге акт жасалды.

-Ата-аналар жиналысы. Тоқсан барысында 3 мәжіліс өтті:

1.Сыныптарда І тоқсан қорытындысы

2.Мектепшілік. Оқушы қауіпсіздігі туралы. Дәрігерлермен кездесу. Ақпараттық түсінік.

3.8 сынып а-а. Желтоқсан айында ер балалардың кешкі мезгілде көшеде жүруі, құқықт бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.

-Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «1желтоқсан Тұңғыш Президент күні» мерекесі, Сыныптарда тәрбие сабағы өткізілді.Тұңғыш Президенттің ел дамуындағы өмірін туралы 5 «А» сыныбы (сынып жетекшісі Омартай Г.) «Елін сүйген Елбасы» атты сынып сағатын өткізді. Педагог- ұйымдастырушысы Урисбаева А. ұйымдастыруымен Тұңғыш президент күніне орай көрме жасалды.

2-15 желтоқсан аралығында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай арнайы жоспар құрылды. Жоспарға қазақ елінің Тәуелсіздіктің әр құндылықтарына арнап сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері ашық тәрбие сабақтарын, әдеби сазды бағдарламаларын өткізді. Оқушылар Отан деген не екенін, Отанға деген сүйіспеншілігін, өз елінің тарихын, мәдениетін,әдебиетін, осы тәрбие сабақтары арқылы танытты. Мектепте әнұран орындалып, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелді.

Барлығы 31сынып , тек 9 «А,Б» сыныптары өтпеді. 5-11сыныптар арасынан 22 сынып ашық сабақтарын жоспарға сәйкес өткізді. Сыныптарға арнайы кесте құрылды.Бірде-бір уақыт мәжіліс залы бос тұрмады. Жаппай сыныпта өтілді.

-Әр сынып ерекшелігі тәрбие сабағын өтуде.

1.5 «Ә» сынып дарынды оқушылар

2.5А сынып мәдениет оқу, әртістік, мән.

3.Барлық сыныптардыңоқушылары арасында әр бала жанып тұр, әсіресе көріністерде

4.8А сынып биі

5.6Ә сынып Хор. Қазақстан әні, мәнерлеп оқуы

6.9Ә сынып Ұлттық нақышты дәріптеп, өте керемет өтті.

10 сыныптарда барлық нөмірі әдемі шықты.

Театр-гардероб басталады дегендей екі сынып оқушыларына жетекші өте әдемі киіндірген. Оқушылар ер балалар костюм-шалбар киіп, қыздар галстук пен белдемше киіп хор орындады.

1. Барлық сынып оқушылары хорды патриоттық сезіммен орындады.

2. Оқушылардың бос уақыттын тиімді өткізуге сынып жетекшілер ықпал жасады.

3. Өз елінің патриоты екенін таныта-тыңдай жоспар құрып, өткізілді.

14.12.2021 күні «Менің Отаным-Қазақстан» атты әдеби сазды бағдарлама жоспары түзіліп «Шақыру хат» дайындалды. Кешке Ауданың Құрметті азаматы Қосуақов Қ, шақырылды. Мемлекетіміздің Әнұраны орындалды, Мемлекеттік Ту әкелінді. «Жаңғырық» балалар хоры, «Шұғыла» би үйірмесі, «Жасқалам» үйірмесі, жас әншілеріміз Октябрь Ерасыл, 6 сынып оқушылары «Мен қазақпын», 6 сынып қыздары Қалыбай, Доқтырбай, «Өз елім» әнін, жас әнші 1 сынып оқушысы Қазыбек Ақсан ағылшын тілінде ән орындап, Отан алдындағы парызын өтеді.

-22.12 күні 1А сынып жетекшісі «Әліппемен қоштасу» кешін өткізді. Оқушылар ұлттық киіммен қамтамасыз етілді. «ОТАН» сөзіне талдау жасады. Тәрбие сабағы сынып жетекшісі өте саясатты жүргізді. Оқушылармен байланысты өте жақсы, мәдениетті дайындалған. Бала шуламайды, жұмбақ шешу, эрудициялық ойынды ойнатты.

-Осы күні 1 «Ә» сыныбы жетекшісі Көбеева Р. Әліппемен қоштасу кешін жай ғана сахнаның қойылыммен бастады. Рөлді Ата мен немере диалогимен миға шабуыл жасады. Оқушылар өте әдемі дайындалған.

Жасұланға қабылдау рәсімі өте әдемі өтті. Оқушылар сырт көрінісі керемет. Балалар барабаншылар, ту ұстаушылар, үйлесімді дайындалған Ант қабылдау рәсімі, галстук тағу, 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» сыныбы оқушылары ант қабылдап, ресми түрде галстук тағылды.

Жаңа Жыл мерекесі сынып шеберлігіне қарай өтті. Оқушыларда шығармашылықтарын жақсы деңгейде екенін аңғардық. Өткізілген шаралар әлеуметтік желіде жарияланды.

III – тоқсан

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2021-2022 оқу жылында 15.11-20.11.2021 ж. күндер аралығында математика және информатика ӘБ –де «Математика –ғылымдар патшасы» атты апталық өтті. Апталықтың жоспары ӘБ-тің отырысында талқыланып, сабақты зерттеу тобы бірлесіп зерттеу сабағын жоспарланды және мақұлданды. «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының тренері Шертимова Гульмейрам апай ашық сабақтар өту үдерісінде «Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер» тақырыбында Шеберлік-сынып ұйымдастырып, «Тарсия» әдісінің тиімділігін және осы әдісті математика сабағында әр сынып оқушылары қалай қабылдап, оларды қалай орындап шығатынын болжауды түсіндірді. Яғни, «Оқыту мен оқудағы сабақты зерттеу» (LESSON STUDY) сабақтары ұйымдастырылып, «Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып сыни ойлауға үйрету» тақырыбында зерттеу сабақтары өткізілді. Зерттеу тобы ашық сабақтарды өту үдерісінде «Тарсия» әдісінің тиімділігін қарастыра отырып, оқушы санасында жүріп жататын ойлау үдерісін қадағалады. Әр зерттеу сабақтары өз деңгейінде өтті.

20.01.2022 күні Қазығұрт Ауданы Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде директордың тәрбие орынбасары Қ.Нарбаеваның ұйымдастырумен "Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы" атты қыздармен кездесу өткізді.

Қазақ отбасындағы қыз баланың орны туралы мектебіміздің аға буын ұстазы Шертимова Г. өз сөзінде отбасының қасиетті мекен екенін айта келе, қыз баланың ар-ожданын бағалай білу керектігін айтып өтті. Мектеп психологы Мырзахметова Г. оқушылармен тренинг өткізді. Мектебіміздің медбикесі Қалдыбаева З. қыз баланың гигиенасы және ерте жүктіліктің қауіпті екенін баса айтты. Мектептің тәрбие орынбасары Қ.Нарбаева ұлттық психологияның ауытқып бара жатқанын: ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамды сыйлау ұмытылып бара жатқанын айтып, аналары, мектеп ұжымы біріге отырып, қыздарымызға дұрыстап тәлім-тәрбие беріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалайық деп сөзін қорытындылады.

Қ.Әбдәлиев атындағы жоббм 02.02.2022 жылы «Один мир, один дом, одно сердце» атты орыс тілі бірлестігі аудандық семинар өткізді. Семинарда аудандық әдіскер Л.Пардабаева келді. Бірлестік жетекшісі Сабитова А. Мастер-класс өткізсе, білікті ұстаздар А.Раева, Ш.Байшанова, Б.Абдихановалар орыс тілі және әдебиеті пәндерінен ашық сабақтар өткізді.

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қ. Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2-10 сыныптардың оқушылары арасында "Толағай" эстафетталық ойындар, "Футбол" спорттық

ойындар және "Тоғыз құмалақ" зияткерлік ойындарды дене шынықтыру пән мұғалімдердің ұйымдастыруымен өткізілді.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 29.01.2022 күні "Зерде" ғылыми жоба мектепішілік байқауы 2-7 сынып оқушылар арасында өткізілді.

Қатысушы оқушыларымыз 4"А" сынып Ережеп Бекзат "Ақбура Әулие" жетекшісі Ералиева Н., 4"Ә" сынып Мырзахан Жәния "Балдай тәтті балмұздақ" жетекшісі Абуова А., 4"Ө" сынып Сейдулла Жансезім "Балдай тәтті балмұздақ" жетекшісі Абуова А., 4"Ә" сынып Әбдіқадір Бақдәулет "Құрма" жетекшісі Мейірбекова Л., 3"Б" сынып Әбдіқадір Айшабибі жетекшісі Тулебаева Р., 3 "А" сынып Мелдебек Асылай жетекшісі Қуатова А. өз ғылыми жобаларын қорғап, жетістікке жетті. Әділ-қазы алқаларымыздың (педагог ұйымдастырушы- Урисбаева Анар, педагог - психолог - Мырзахметова Гүлнұр, кітапханашы -Дәрменова Нұрбахыт)әділ шешімімен оқушыларымыз жүлделі орындармен марапатталды. Жүлделі орындарымыз Бас жүлде - Ережеп Б., І - орын Мелдебек А.,ІІ - орын Әбдіқадір А.,ІІІ - орын Сейдулла Ж., Мырзахан Ж. және орасан зор үлес қосқаны үшін ынталандыру мадақтамасымен марапатталды. Ұйымдастырушы ҚББП -Б.Әбдәкім

Қ.Әбдәлиев атындағы жоббм 09.02.2022 күні "Мамандықты дұрыс тандау болашақ жетістіктің кепілі" бағдарламасы аясында ҚР ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ түлегі Таукеев Нуршат Маратұлымен кездесу өткізілді. Кездесуде Н.Таукеев осы аталған академияға оқуға түсу шарттары жайлы толық ақпарат берді.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 27. 01.2022 күні Абай Құнанбайұлының 177 жылдығына орай "Өлмейтұғын артында сөз қалдырған" атты мектепішілік байқауы 7сынып арасында өткізілді.Байқаудың мақсаты : Абай Құнанбайұлының өмір баяны туралы толық біліп шығу. Қатысушы оқушыларымыз екі топқа бөлінді. Әділ-қазы алқаларымыздың (педагог ұйымдастырушы- Урисбаева Анар, дефектолог - Жұман Айгул , кітапханашы -Дәрменова Нұрбахыт)әділ шешімімен оқушыларымыз жүлделі орындармен марапатталды. Бас жүлде - 7"А"сыныбы, І орын - 7"Б" сыныбы және орасан зор үлес қосқаны үшін ынталандыру мадақтамасымен марапатталды. Ұйымдастырушы тәлімгер Пернебай Меруерт.

Қ.Әбдәлиев жалпы орта білім беретін мектебінде 09.02.2022 Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдық мерейтойына арналған " Поэзия менімен егіз бе едің " атты 5-9сынып оқушылары қатысып ақынның поэзиялық жырлары мен әндерін толықтай орындап шықты. Ақынның өмірі туралы көріністер, слайдтар көрсетілді. Байқаудың мақсаты : Ақиық ақын өмірі пен шығармашылығын оқушылар арасында насихаттау. Қатысушы оқушылардың барлығына орасан зор үлес

қосқаны үшін ынталандыру мадақтамасымен марапатталды. Ұйымдастырушы тәлімгер Пернебай Меруерт. Кітапханашы Дәрменова Нұрбақыт.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 14.02.2022 күні "XXI ғасыр көшбасшысы -2022" мектепшілік зияткерлік сайысы 8-10 сынып аралығында өткізілді. Қатысушы оқушыларымыз өздерінің жүйріктігін, шапшаңдығын көрсетті. Әділ-қазы алқаларымыздың (кітапханашы Дәрменова Н., ағылшын тілі пәнінен педагог Кельдибекова Ұ., Абдукаликова Б.) әділ шешімімен оқушыларымыз жүлделі орындармен марапатталды. Жүлделі орындарымыз Бас Жүлде 9"А "Әлім Аяжан, h

1 орын - 9"А" Забыхан Қарақат,

2 орын - 10"Ә" Ержанқызы Адина,

3 орын - 8 "А" Ережеп Нұргүл және зор үлес қосқаны үшін ынталандыру мадақтамасымен марапатталды. Ұйымдастырушы ҚББП - Б.Әбдәкім

Қ. Әбдәлиев атындағы жоббм 16.02.2022 күні "Ауған соғысына 33 жылына" орай бағдарламасы аясында дене шынықтыру және АӘД пән мұғалімдерінің ұйымдастыруыменен ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді және аймақтық қыздар тобымен волейбол жарысы өткізілді.

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 18.02.2022 күні Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай "Ауғанның отты жалыны" тақырыбында кездесу кеші өтті. Оқушылардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін қорғай білуге, Отан қорғауда ерлік көрсеткен ата – бабамыздың ерлік ісін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту мақсатында ұйымдастырылған кеш қонақтары Ауған соғысының ардагерлері Туртаев Даулет, Асқаров Мурат, Айдарқұлов Талғат ағаларымыз болды. Кешті ұйымдастырған мектеп тәлімгері Пернебай М.

24.02.2022 күні Қ. Әбдәлиев жалпы орта білім беретін мектебінде «Балалар жылы» аясында «Ақыл- жастан, асыл - тастан» атты мектепшілік жас ұстаздар онкүндігінің іс- шараға сәйкес «Волейбол» 8 -11 ұлдар арасында спорттық жарысты Қазыбаев С. және Амангелдиев С. дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруыменен өткізілді. Жеңіске жеткен сыныптарды мектеп директоры Оспанов Е. мен директордың оқу ісінің орынбасары Нұржанов С. сөз сөйлеп марапаттады.

Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы мектеп ұжымына мектеп директоры Е.Е.Оспанов таныстырды

Қ.Әбдәлиев атындағы ЖОББМ 01.03.2022 күні АДАМ ЖАНЫНЫҢ СУРЕТКЕРІ ҚАДЫР МЫРЗА - ӘЛИ 87 жас мерей тойына орай қосымша білім беру педагогы Б.Әбдіәкімнің ұйымдастыруымен және 6"А" сынып оқушысы Әбдіқадір Абаттын шығармашылық кеші өтті. Кеште ақынның өлең- жырлары оқылып, "Әже" әні орындалды.

1 наурыз алғыс айту күніне орай Қ. Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің МАД "А" тобының (сынып жетекшісі: Сатынбекова Г.) бүлдіршіндері "Өмірге риза болып, алғыс айт" атты тәрбие сағатын өткізді. Мерекелік кеш жоғары дәрежеде өтіп, өз мақсатына жетті....Бүлдіршіндер жүрек жарды алғыстарын аналарына, әкелеріне, табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді.

Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 23.02.2022 жылғы нөмірі 6-1/984-И санды хаты негізінде "Біздің міндетіміз - балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету" ұранымен Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін атап өтуге байланысты " Азаматтық қорғаныс" күні іс-шарасы өткізілді. Осыған орай азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесіне Республикалық тексеруді дайындау және жүргізу бойынша ұйымдастыру нұсқаулығына сәйкес, азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесін ұйымдастыруды, сондай -ақ жабдықтары мен құралдардың жұмыс қабілеттілігін тексеру аясында Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай сейсмикалық жаттығулар өткізілді. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде қатысушылар теориялық білім мен өзін-өзі қорғаудың практикалық дағдыларын алды, әртүрлі қауіпті жағдайлар туындаған кезде өзіңізді қалай құтқаруды және басқаларды қалай құтқаруды үйренді.

01. 03. 2022 жылы Көктемнің алғашқы күнімен бірге келген "Алғыс айту " мерекесіне орай Қ.Әбдәлиев жалпы орта білім беретін мектебінде тәлімгер Пернебай Меруерттің ұйымдастыруымен " Алғыс айту парызым" атты әдеби кеш өткізілді. Бұл кештің мақсаты: оқушылардың Туған еліне, жеріне ата-анасына білім берген ұстаздарына және құрбы-құрдастарына деген алғыстарын білдіру, оқушылардың "сыйластық" құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай Қ.Әбдәлиев атындағы жоббм психологы Мырзахметова Гулнурдың ұйымдастыруымен 8 " А", "Ә" сынып оқушыларымен ұстаздарға Алғыс тілек айтылды.

04. 03. 2022жылы Қ. Әбдәлиев жалпы білім беретін мектебінде "Имандылық-инабаттылық мұраты" тақырыбында Қ.Әбдәлиев округінің бас имамы Анарбаев Баймұрат Сапарханұлымен кездесу өткізілді. Кездесудің мақсаты: оқушыларды салт-дәстүрді білуге, имандылыққа, адалдыққа, мейірімділікке, инабаттылыққа баулу. Кездесуге 9,10 сынып оқушылары қатыстырылды. Кездесуді ұйымдастырған: Педагог ұйымдастырушы Урисбаева Анар Қамшыбекқызы

ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН – АНА. Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде "8-наурыз - Халықаралық әйелдер" мерекесіне орай «Ана бақыты» атты 6 "Ә" сыныбында (сынып жетекшісі: Шертимова Г.) тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: 8 -

наурыз аналар мен қыздар мерекесінің шығу тарихын насихаттау, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың өмірі, өмір гүлі аналарды, нәзік жанды қыздарды сыйлауға үйрету; Қыздарды әсемдікке, іскерлікке баулу; Аналарына деген балалық махаббатқа, ер балаларды қыз балаға деген қамқорлыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Қ.Әбдәлиев атындағы жоббм 17.03.2022 күні "Армысың, әз- Наурыз" мерекелік іс-шараның бағдарламасына сәйкес " Көрісу күні" өткізілді. Мектеп фойесінде " Наурыз" бұрышы ұлттық дәстүрге сай безендірілді. Іс - шараны Урисбаева Анар " Көңіл толқыны" домбырашылар үйірмесінің сүйемелдеуімен жүргізілді. Мектептің ДТІЖО Нарбаева Калима құттықтау сөз сөйлесе, мектептің аға ұстаздары Ақ баталарын беріп, мерекелік ізгі тілектерін білдірді. Мұғалімдер санитарлық талаптарды сақтай тілек айта отырып, арақашықтық сақтай көрісті. " Көрісу күні", "Жайлау күнімен" , "Шежіре күнімен", "Ұлы істер күнімен" жалғасты

Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 07.04.2022 күні мобильдік топ мүшелері Таукеев М. пен Қаратай Ж. қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдке шықты. Тексеру барысында жасөспірімдердің бей мезгіл уақытта көшеде жүрмегендігі анықталды. Мектебінің 05.04.2022 күні мобильдік топ мүшелері Омартай Г. мен Шертимова Г. қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейдке шықты. Тексеру барысында жасөспірімдердің бей мезгіл уақытта көшеде жүрмегендігі анықталды.

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Қ.Әбдәлиев" жалпы орта білім беретін мектебінде 22.04.2022ж. күні 11 сынып ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Нұржанов ата-аналарға "Соңғы қоңырау" мерекесіне, мектеп бітіру кешіне ақша жинамауға кеңес беріп, аты аталған іс-шараны мектеп базасында мектеп әкімшілігі ұйымдастырып өткізетіндігін айтып өтті. Жемқорлық әрекеттерге жол берілмеу керектігі айтып өтілді.

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Қ.Әбдәлиев" жалпы орта білім беретін мектебінде 11-16 сәуір аралығында, физика, көркем еңбек апталығы өтілді. Апталықта ашық сабақтар мен 12 сәуір ғарышкерлер күніне орай қол өнер көрмесі, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Апта соңында музыка пәні мұғалімі П.Идрисованың ұйымдастыруымен Н.Тілендиевтің шығармашылығына арналған кеш және көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен жәрмеңке ұйымдастырылды.

Қ. Әбдәлиев атындағы жоббм 29 - сәуір күні ағылшын тілі пәнінен " Developing of students speaking skills using new methods in english lesson" тақырыбында семинар өтті, семинарда екі гид қыздарымыз Ержанқызы Адина және Өмірзақ Ақмарал келген қонақтарға ағылшын тілінде мектеп пен мұғалімдер жайлы ақпараттар беріп, 3 - сынып оқушылары "Gift to you" хоры айтылып, төрт мұғалім ашық сабақ өтіп, концерттік бағдарламалар болды.

«Ешкімде , ештеңе де ұмытылмайды»

Қ.Әбдәлиев жалпы орта білім беретін мектебінде 5-9 сынып оқушыларымен 7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай салтанатты жиын өтілді. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен ағаларымыздың ерліктеріне тағзым етуге, өз халқымызды құрметтеуге уйрету.

Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 29.04.2022жылғы № 123 бұйрығын негізге ала отырып суға шомылу маусымының басталуына орай барлық ата-аналар және оқушыларға "Судағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді, бейнебаяндар көрсетілді ,әр сыныпта ата-аналар жиналысы өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қ. Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде «Бақытты балалық шақ» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Сонымен қатар спорттық ойындар, асфальтқа сурет салу және мереке соңында демеушілер тарапынан барлық балаларға тәтті балмұздақ таратылды.

Қ. Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 4 маусым Қазақстан Республикасының Рәміздері күніне орай 9сынып оқушылары Мемлекеттік Әнұранды орындап, мектеп дәлізінде ілулі тұрған ҚР-ның Рәміздерінің шығу тарихымен танысты

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ 30 ЖЫЛ!

Елді танытар ұлттық құндылық – Ту, Елтаңба, Әнұран бүгінде төрткүл дүниеге кеңінен танылды. Айбынымызды асырған Мемлекеттік Рәміздерді құрметпен ұлықтау – әр азаматтың парызы. 4–маусым күні Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Мемлекеттік Рәміздерді ұлықтау мақсатында мемлекеттік әнұранды бір мезгілде орындау шарасы болып өтті.Бұл нысандар - Қазақстанның дербестігі мен тәуелсіз екендігінің айғағы. Сондықтан, елімізде мемлекеттік

рәміздердің мерейтойын жоғары деңгейде атап өту мақсатында мектеп мұғалімдері, кіші қызметкерлер және оқушылар Мемлекеттік Әнұранды орындап шықты. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіз мемлекетіміз мәңгілік болғай!!!

«Күншуақ» жазғы сауықтыру алаңының ұйымдастырылуы туралы мәлімет Аудандық білім бөлімінің нұсқаулық хатына сәйкес 2022 жылдың жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында мектеп жанынан «Күншуақ» жазғы сауықтыру алаңы құрылып, мектепішілік бұйрық шығарылды.

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қосымша білім беру бағдарламасын іске асыруға жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруын қамтамасыз ету үшін іс – шаралар жоспарлары жасалынып, бекітілді.

Мектеп алды алаңының қызметін жақсарту, оларға балалардың жақсы демалуы үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуы керектігі түсіндіріліп, топ тәрбиешілері, медицина қызметкерлері, музыка, дене тәрбие-сі мұғалімдері, әлеуметтік педагог, педагог - психологтар жұмыс жасаулары қажеттігі туралы айтылды.

Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңына тартылған оқушылардың жас ерекшелеріне қарай 6 топ жұмыс істеді.

I топ «Балдырған», II топ «Өркен», III топ «Астана», IV топ «Ақкөгершін», V топ «Сұңқар» топтарға жүргізілетін мәдени, көпшілік-танымдық, спорттық сауықтыру шараларын өткізу үшін 6 топ жетекші бекітілген. Жазғы сауықтыру алаңының күн тәртібі, оқушылармен атқарылатын жұмыс жоспары, оқушылардың ас мәзірі түзілген, арнайы бұрышқа ілінген.

«Күншуақ» жазғы сауықтыру лагерінде «Біз бақытты баламыз» тақырыбында ән байқауы ұйымдастырылып, балалар жарыса ән айтып, өз өнерлерін паш етті. Байқуда ерекше көзге түскен оқушылар сыйлықтармен марапатталды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі топтар арасында «Көңілді старт» тақырыбында спорттық жарыс өткізіп, мақтау қағаздарымен марапатталды. Әр топ сынып бөлмелерін безендіріп, оқушылардың мәдени ісшараларды өткізуге, демалысын тиімді өткізуге жағдай жасалды.

04.06.2022 ж. күні «Елдігіміз бен ерлігіміздің белгісі – қасиетті көк байрақ!» тақырыбында «Балдырған», «Өркен», «Астана» тобының жетекшісі өз тобындағы балаларды мектебіміздің «ҚР рәміздері» бұрышына алып барып еліміздің рәміздерімен таныстырып ҚР әнұранын бірге орындап балалардың жүрегіне патриоттық сезім ұялата білді.

«Күншуақ» сауықтыру алаңындағы II кезеңі (10.06 – 20.06)

ұйымдастырылуы және өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет

Мектеп жанынан құрылған «Күншуақ» жазғы сауықтыру алаңына, 5 топқа 100 білім алушылар тартылды. Алаңның күн тәртібі, жоспары, өткізілетін мәдени спорттық шаралар жоспарланды. Сауықтыру алаңында болашақ арулардың бойына қазақы тәрбиені бойына сіңіру, «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, мақпалдайын жұмсақтықтың, жан дүниесінің тазалының белгісі екенін түсіндіру мақсатында «Жаз ханшайымы – 2022» байқауы өткізілді. Байқау бес бөлімге жоспарланды. «Сұңқар» тобының оқушысы Елен Әсемай бас жүлдені иемденді.

2021-2022 оқу жылында жазғы «Күншуақ» сауықтыру алаңында жоспарға сәйкес ән, би жарыстары, спорттық жарыстар, интеллектуалды сайыстар өткізілді. Сонымен қатар «Сауықтыру ойын алаңы» ұйымдастырылды.

Қ.Әбдәлиев атындағы жббм «Күншуақ» сауықтыру лагерінде көңілді жаз тақырыбында оқушылар демалысын тиімді өткізу ұйымдастырылды. Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер тарапынан (Кадиров А, Өмірбек Ж) бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамтамасыз етіп, демеушілеріміз ел ықыласына бөленді.

Хм Қ.Әбдәлиев атындағы жобб мектебінде "Кун шуақ" жазғы сауықтыру лагерінде (II-кезеңі) оқушыларды тарихи орындарға, табиғат аясына саяхат ұйымдастырылды. Кеңес Одағының батыры Қ.Әбдәлиев ескерткішіне, Ақпан батыр ескерткіші маңына тазалау жұмыстары жүргізілді. Табиғатта меркелік алаң және саяхат ас мәзірі дайындалды.

17.06 күні "Күншуақ" жазғы сауықтыру лагерінің жабылу салтанаты өткізілді, "Қош сау бол, лагерь" атты кеш өткізілді. Мерекелік кеште "Балдырған" I-топ, "Өркен" II-топ, "Астана" III-топ, "Ақ көгершін" IV-топ, "Сұңқар" V топ өз өнерлерін көрсетті. Мәслихат депутаты Батырбаев Саян демеушілігімен тәтті тағамдар таратылды.

.

☞ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» талаптары бойынша қамқоршылық кеңестің талапқа сай құрылуын қамтамасыз ету, қамқоршылық кеңестің өкілеттігін жүйелеу мақсатында Қағидаттың 5-тарау (қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату) 30-тармағы 1) тармақшасына (тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша) сәйкес Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 23.06.2022 жылғы №508 санды хаты негізінде Қ.Әбдәлиев

атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ жұмысы 2022 жылдың 30 маусымнан бастап тоқтатылады.

☞ ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі N355 бұйрығының 2-тарауы 5, 6, 7, 8, 9-тармақтарына сәйкес 2022-2023 оқу жылына мектептің “Қамқоршылық кеңесін” қайта құру үшін 2022 жылы 01 шілдеден бастап 10 жұмыс күні ішінде қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерден жазбаша түрде ұсыныс/өтініштер қабылданады.

※ Қамқоршылық кеңесінің таралуына байланысты, Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлер жазбаша келісімін мектеп хатшысына ұсынады.

☐ Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

1 ☐ Жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;

2 ☐ Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;

3 ☐ Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);

4 ☐ Ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;

5 ☐ Қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Мектепте құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

※ Қамқоршылық кеңес құрамына "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар кірмейді.

※ Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

※ Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы іске асырылуда.

Аудан басшысы, Арман Айдарұлының аудандық филиал ғимаратында өткізілген қоғамдық қабылдауында болған, Қ.Абдалиев ауылының тұрғындары атынан шағымданып келген Ғ.Ермекбаевтың және де бір топ азаматтардың өтініші бойынша, 19 шілде күні аудан басшысы аталған елді мекеннің тұрғындарымен кездесу өткізді.